

**Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
PhD докторанты Амангелді Шурентаевтың 6D050400 – «Журналистика»
мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін
дайындалған «Қазақстанның құқықтық журналистикасы: қалыптасу
және даму үрдісі» атты диссертациясына ғылыми кеңесшісінің
ПІКІРІ**

Диссертациялық жұмыстың өзектілігі. Еліміз ұзақ тарихи жолдан өтіп бүгінге жетті. Тәуелсіз мемлекет құрылып, қазақ елі бүкіл әлемге таңылды! Құқықтық мемлекет орнатып жатқан Қазақстан үшін бұқаралық ақпарат құралы азаматтардың құқықтық сауатын ашуда таптырмас құралға айналды. Тіпті, бүгінгі күні кез келген БАҚ өкілі тергеу органдарының қызметі, полиция мен прокуратура, судьялардың үкімі туралы күн сайын ақпарат таратады. Алайда, құқықтық сараптама жасауда осы салаға мамандандырылған журналистің жетіспеушілігі анық аңғарылады. Қазір кез келген қолына қалам алған заманауи журналист заңнамалық және құқықтық қызметтің қыр-сырына қанық болуы қажет. Өйткені, құқықтық журналистика оқиға орны мен сот отырыстарында журналистің нағыз маман ретінде жұмыс істеуіне үлкен мүмкіндік береді. Сондықтан докторант Амангелді Шурентаевтың «Қазақстанның құқықтық журналистикасы: қалыптасу және даму үрдісі» тақырыбындағы диссертациялық зерттеу жұмысы қазіргі отандық журналистика ғылымы үшін өзекті мәселелердің бірі салалық журналистикасы дамуының негізі болып саналады.

Докторант өз еңбегінде Қазақстанның құқықтық журналистикасының пайда болу, қалыптасу және даму жолын жан-жақты зерделейді. Оның ішінде «құқықтық журналистика» ұғымына және методологиялық негізіне ғылыми талдау жасай отырып, анықтама береді. Сонымен қатар Қазақстанда пайда болған алғашқы құқықтық басылымдар, телерадиобағдарламалар мен интернет сайттарға шолу жасалып, БАҚ туралы заңы жан-жақты сараланады.

Зерттеу нәтижелерінің негізделу деңгейі мен жаңашылдығы.

Қазақстанда құқықтық журналистиканың пайда болу және қалыптасу мәселесі өте аз зерттелген тақырыптардың бірі. Докторант диссертациялық еңбекті жазу барысында осы саладағы іргелі еңбектердің қатарында саналатын шетелдік және отандық ғалымдардың зерттеулерін негізге ала отырып, талдау жасаған.

Құқықтық журналистика теориясы бойынша жарық көрген З.Тайшыбай О.В.Третьякова, Ә.Жарылқағанов, С.Н.Велитченко және тағы басқа да ғалымдардың еңбектері назарға алынып, тәжірибелік қолданымының аясын кеңейткенін ерекше атап өту қажет.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100

жаңа оқулық» жобасы аясында аударылған оқулықтарында баяндалған терең ғылыми тұжырымдамалар зерттеуге ерекше серпін берді.

Докторант А.Шурентаев зерттеу әдісі ретінде контент-сараптама, тарихи, жүйелілік, салыстырмалы талдау, сауалнама жүргізуді жүйелі түрде пайдалана білген.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы ретінде қорғауға келесі тұжырымдар ұсынылған:

- Қазақстан құқықтық журналистикасына жеке салалық бағыт ретінде тұңғыш рет ғылыми зерттеу жүргізілді;

- қазақ жерінде алғашқы пайда болған «Түркістан уалаятының газеті» мен «Дала уалаятының газеті», «Қазақ» газеті беттерінде және қазақтың ұлы тұлғалары Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаевтың құқықтық тақырыптағы шығармаларына ғылыми талдау жасалды;

- XX ғасыр басындағы Алашорда қайраткерлерінің саяси қызметі мен құқықтық көзқарастары, Кеңес Одағы тұсындағы және тәуелсіз Қазақстан жылдарындағы құқықтық журналистиканың даму кезеңдері зерделеленді;

- «Құқықтық журналистика» ұғымына контент-сараптама жасалып, ғылыми тұжырымдамалар дәйектелді;

- ҚР «БАҚ туралы» заңы жан-жақты сараланып, құқықтық журналистикадағы ақпарат көздері түрлері мен журналистердің ақпарат алу құқығының маңыздылығы негізделді.

Диссертацияның теориялық және қолданбалы маңыздылығы.

Докторант А.Шурентаевтың зерттеу жұмысы салалық журналистика, соның ішінде құқықтық журналистика бойынша оқу-әдістемелік құрал ретінде пайдалануға тұрарлық құнды еңбек болмақ. Өйткені, бұл зерттеуде құқықтық журналистика тұңғыш рет жеке салалық бағыт ретінде қарастырылып, тарихи шолу және дәйекті ғылыми талдау жасалған.

Сонымен қатар докторанттың А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті журналистика және коммуникациялық менеджмент кафедрасында жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмысы нәтижелері «Журналистика» мамандығы бойынша білім алушылардың «Бала құқығы және журналистика», «Журналистиканың құқықтық негіздері» пәндері бойынша оқыту бағдарламасына енгізіліп, ендіру актісімен бекітілгендігі бұл еңбектің жоғары оқу орындарында, құқықтық БАҚ-тар, құқықтық мекемелердің баспасөз қызметінде көмекші құрал ретінде пайдалануға болатындығы зерттеудің қолданбалы маңыздылығын айқындайды.

Диссертациялық жұмыс нәтижелерінің, қорытындылары мен тұжырымдарының жариялануы.

Диссертациялық зерттеудің негізгі тұжырымдары мен нәтижелері 12 мақала негізінде жарық көрді. Соның ішінде 3 мақала Қазақстан Республикасы БҒМ Білім және ғылым саласындағы қадағалау және аттестаттау комитеті белгілеген республикалық ғылыми басылымдарында, 8 отандық және

шетелдік халықаралық ғылыми конференциялар жинақтарында және 1 мақала Scopus базасында тіркелген журналда жарияланған. Бұл ғылыми жарияланымдарда диссертациялық жұмыстың негізгі теориялық принциптері мен нәтижелері сипатталған.

Сонымен қатар докторант еңбектің қорытынды бөлімінде елімізде құқықтық журналистиканы салалық журналистиканың негізгі бағыты ретінде дамыту мақсатында нақты бірнеше жолдарын ұсынады. Солардың қатарында құқық қорғау органдары баспасөз қызметі мен журналистердің өзара қарым-қатынасын нығайту, жүргізілген зерттеу негізінде монографиялық кітап шығару, құқықтық журналистика бойынша салалық терминологиялық сөздігін құрастыру және тағы басқа да ұсыныстары БАҚ саласындағы әрбір маманға пайдалы болатыны сөзсіз.

Диссертациялық жұмыстың «Дәрежелер беру ережелері» талаптарына сәйкестігі.

Докторант А.Шурентаевтың ғылыми жұмысты жүргізу барысында зерттеушілік қасиеттерді меңгергендігін, зерттеу әдістерін тиімді қолданып, ғылыми талдау жүргізуі жоғары деңгейде екендігін атап өткен жөн. Сонымен қатар диссертациялық жұмыс дербес жазылған және толық аяқталған ғылыми еңбек болып есептеледі.

Жоғарыда айтылғандарды және докторанттың зерттеу жұмысы ҚР БҒМ Білім және ғылым саласын бақылау жөніндегі комитетінің «Дәрежелер беру ережелері» талаптарына сай екендігін ескере отырып, Амангелді Шурентаевтың «Қазақстанның құқықтық журналистикасы: қалыптасу және даму үрдісі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысын «6D050400 - Журналистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

**Отандық ғылыми кеңесші:
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті Баспасөз және
баспа ісі кафедрасының доценті,
филология ғылымдарының
кандидаты**



А.О.Есдәулетов